

ЛЕКЦИЯ 7. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРІНІҢ ЖАРЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ. СЕКЦИЯЛАРЫНДА ІРІКТЕУ МЕН БАҚЫЛАУДЫ ЖОСПАРЛАУ, ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫН ЕСЕПТЕУ.

1. Жоспары:

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының объектілері. Зерттеу жұмысының барысын болжау, проблема қою.
2. Ғылыми–зерттеу жұмыстарын жүргізу. Зерттеу жұмыстардың нәтижесін өмірге енгізу, қорытындылау.

2 Мақсаты мен міндеттері: Студенттерге теориялық білім беру, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету.

3 Лекция мазмұны (қысқаша): Дәстүрлі халық мәдениетінің ажырамас бір бөлігі болып саналатын ұлттық ойындар мен спорттың қоғамдағы атқаратын орнын анықтау, оны теориялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеу Егемен Қазақстан жағдайында халқымызды дене тәрбиесі оның ішінде ұлттық спорт пен ойындар арқылы салауаттық өмірге баулу, денсаулығын жақсарту, спортқа бейімдеу, салт-дәстүрді сақтау, елін-жерін сүйуге тәрбиелеу жолдары осы жұмыстың негізгі өзекті бағыты болып табылады.

Ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің жалпы педагогикада оның ішінде этнопедагогикадағы алатын орны, оны қазіргі заман талабына сәйкес дене тәрбиесі және спорт саласында ұтымды қолдана білу жолдарын қарастыру, тарих толқынында және ХХ ғасырдағы Кеңес өкіметі ұстанған идеология салдарынан жоғалған, шеттетілген, ұмытылған дәстүрлі ұлттық ойындарымызды мәдени, рухани құндылықтар негізінде тәрбие жұмыстарында қолдану керектігін дәлелдеу де осы жұмыстың өзекті тақырыбы болып саналады.

Қазіргі Әлемдік және Олимпиадалық деңгейде өтіп жатқан спорттық жарыстардың барлығы бір кезде әр ұлттардың ұлттық ойындарынан шыққанын ескерсек, қазақтың ұлттық ойындарының да спорт түрлеріне айналуының себептерін айқындау, жетілдіру, жүйелеу, топтау, атау беру, ұлттық спорт түрлерінің Қазақстан аймақтарында дамуы, жарыс өткізу, төрешілік жасау, маман кадрлар даярлау мәселелерін негіздеу жұмыстың өзектілігін айқындай түседі.

Жас ұрпақ тәрбиелеуде оның ішінде дене тәрбиесі бағытында өзінің ең қолайлы тәрбие құралдардың бірі екендігін дәлелдеп келе жатқан ұлттық ойындар мен ұлттық спорт түрлері қазіргі Егемен Қазақстан халқының болашағының жарқын болуы үшін атқарылып жатқан істердің ішінде өзінің пайдалы жақтарымен көрінуде. Пайдалы жақтарына: ұлттық ойындар арқылы халықтың тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлерін жеткізуші ретінде көрініс

табуы, ұлттық тілді дамыту ісінде қажеттілігі, барлық жастағы адамдардың денесін шынықтыру істеріндегі пайдалылығы, салауатты өмір сүруді насихаттауы, спортшылар дайындау жағынан маңыздылығымен ерекшеленеді.

Қазақстан өзінің Егемендігін алысымен тарих толқынында жоғалтқан, саяси - идеология салдарынан дамуына кедергілер келтірілген ұлттық мәдени мұраларымызды қайтару, қалпына келтіру жұмыстарын қолға алды.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, дер кезінде шет елдердегі, және отанымыздағы көптеген мәдени туындылар анықталынып ел тарихына өлшеусіз пайдалы істер асырылуда.

Осы жұмыстар аясына ұлттық ойындар мен спорт түрлері де кіреді, себебі ұлттық ойындар туралы көптеген деректер өзімізде және шет елдерде зерттеліп ғылыми айналысқа енген жоқ. Педагогика ғылымы тұрғысынан ұлттық ойындар мен спортты өскелең ұрпақтың денесін шынықтырып, еңбекке баулуда қолайлы құрал екендігі ғасырлар бойы дәлелденіп келсе де, білім беру мен спорт саласында қолданылуы әлі де жеткіліксіз болып отыр.

Бүгінгі күнге дейінгі ұлттық ойындар мен спорт түрлеріне арналып жүргізілген Қазақстандық ғылыми зерттеулер төмендегідей бағыттарды қамтығандықтарын көруге болады оларға:

- ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің даму тарихы;
- ұлттық ойындарды спорттық оқу - жаттығу жұмыстарында қолдану;
- ұлттық ойындарды патриоттық тәрбие жұмыстарында қолдану;
- ұлттық ойындарды балалардың, оқушылардың, студент жастардың дене шынықтыруында қолдану.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында республика халқын дене тәрбиесі және спорт арқылы салауатты өмір салтына тәрбиелеу, денсаулықтарын шынықтыру шаралары көрсетілген, осы құжаттарда ұлттық спорт түрлеріне де маңызды орын бөлінген.

Дүние жүзін мекендеген халықтардың ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан да халық арасында қалыптасқан ойындар туралы деректер және құжаттар ғылыми тұрғыдан зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Дәстүрлі ұлттық ойындардың тарихы, ел арасында тарауы, қоғамдағы ролі, ұрпақты тәрбиелеудегі қажеттілігі сияқты тақырыптар төңірегінде отандық және шет ел ғалымдары көптеген ізденістер жасаған.

Кеңес дәуірі жылдарында қазақтың ұлттық дәстүрлі халық ойындары күн тәртібіндегі өзекті мәселе болмағанына қарамастан Қазақстан ғалымдарының бір тобы тақырып төңірегінде үлкен жұмыстар атқарды, ғылыми еңбектер

жазды, сол кезеңде дәстүрлі ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарына М. Рахимгулов, М.Гуннер, М. Тәнекеев, Б. Төтенаев, М. Болғамбаев, Ә. Бүркітбаев тағы да басқа ғалымдарды атауға болады.

Белгілі ғалым М.Тәнекеев «Қазақские национальные виды спорта и игры» атты зерттеуінде халықтың арасында танымал ұлттық ойындар мен спорттық ойындарды екі үлкен топқа бөлген. Оның біріншісі қазақтың халық ойындарымен спорттық ойын түрлері, екіншісі ат үстінде жүріп ойналатын спорттық ұлттық ойын түрлері.

М. Тәнекеев өзінің «Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңінен ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі аралықтағы қазақтың ұлттық спорт және ойын түрлерінің дамуы» атты педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертациялық жұмысында және «Теория и практика взаимодействия национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане» атты п.ғ.д. дәрежесін алу үшін қорғалған диссертациялық жұмыстарында ұлттық спорт түрлерінің даму тарихын әлем халықтарының және олимпиадалық ойындардың даму барысымен байланыстыра отырып адамзат тарихындағы ұлттық ойындардың халықтардың тұрмыс тіршілігімен тығыз байланыста болғандығын тарихи тұрғыдан негіздеп көрсетеді. М.Тәнекеев өз зерттеулерінде «тоғыз құмалақ», «түйе жарыс», «қыз қуу», «көкпар», «күміс алу», «жаяу жарыс», «жамбы ату», тағы да басқа ойындардың жастар арасындағы тәрбиелік ролімен қоса, халықтар арасындағы достық қарым қатынасты дамытуда атқаратын орны туралы да тұжырымдар жасайды.

М.Тәнекеевтің «Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның дене тәрбиесі тарихы», «От байги до Олимпиады», «Мир народного спорта» атты еңбектері Кеңес дәуірі кезіндегі идеологиялық көзқарасқа сай жазылғандығына қарамастан сол кездегі ұлттық ойындардың дамуына кедергі болып отырған саясаттың да дұрыс емес екендігін батыл сынайды. Зерттеуші ғалым М.Тәнекеевтің еңбектері бүгінгі күні де құнды ғылыми еңбектер болып табылады.

Б. Төтенаевтың бұл жұмысы Кеңестік уақыттағы қазақтың ұлттық ойындарының дамуы жайында жазылған үлкен еңбек болып табылады. Аталған автор қаламынан халықтың этнопедагогика мен ұлттық ойындар арасындағы байланыс және ойындардың ертеңгі болашаққа керектігін зерттеген басқа да қомақты ізденістері дүниеге келді.

«Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану» атты Б.А. Тойлыбаевтың кандидаттық диссертациясында бастауыш мектеп тәжірибесін жетілдіріп, баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін халықтық педагогика элементтерін дұрыс

пайдаланудың ғылыми теориялық бағыты айқындалған. Бастауыш мектепте дене тәрбиесінің жүйесін жақсартуға негізделген «Дене саламаттылығы» бағдарламасының психологиялық ерекшеліктері көрсетіліп, оқушыларға дене тәрбиесінің мәнін, мазмұнын анықтауда теориялық түсініктер берілген.

Е. Сағындықов «Ұлттық ойындарды оқу тәрбие ісінде пайдалану» деп аталатын монографиялық еңбегінде қазақ мектептеріндегі 1-4 сыныптардағы халық ойындарын жекелеген классификацияларға топтап, оны сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолдану әдістеріне, ұлттық ойындарға педагогикалық талдау жасап, оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігі негізделеді.

Ә. Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында ұлт спорты түрлері мен ұлттық спорт ойындарының балалардың күнделікті тіршілігіндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық ойындар ережесі қарастырылған.

М. Болғамбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт түрлері» атты кітабында ат спортына қатысты бәйгеден бастап жорға жарыс, аударыспақ, жамбы ату, аламан бәйгемен қоса қазақша күрес спорт түрлеріне арналып осы спорт түрлеріне жаттықтыру тәрбиелеу әдістемелері берілген оқу құралына жатады.

4 Оқытудың техникалық құралдары: интеракт. тақта, проектор т.б.

5 Лекцияның әдістері мен түрлері: сұрақ-жауап, дөңгелек үстел

6 Әр түрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар

1 деңгей

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарының объектілері.

2-деңгей

- Зерттеу жұмысының барысын болжау, проблема қою.

3-деңгей

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

7 СӨЖ және ОБСӨЖ тапсырмалары (Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма нұсқаулары көрсетіледі)

- Зерттеу жұмыстардың нәтижесін өмірге енгізу, қорытындылау.

8 Пайдаланған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Физическая подготовка единоборцев. Теоретико-практические рекомендации. ТВТ Дивизион Москва-2017 Д.В.Максимов, В.Н.
2. Ұлттық спорт ойындары. Оқу құралы. Альманахь. Алматы-2019. Б.А.Шилібаев.

3. Е.Алимханов. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері. Қазақ университеті баспасы. Монография. Алматы-2018.

4. Казакша курес. Учебное пособие. Алматы. Мектеп. 2011.

П.Ф.Матущак, Е.М.Мухиддинов.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ұлттық ойындар арқылы жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. Тұран. Түркістан-2017. Н.К.Жилисбаев., Е.Е.Сейдахетов